

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖУРНАЛ

Балапан

әлемі

№2
2025 ЖЫЛ

АНА ТІЛІМ -
АЙЫНЫМ!

3+

ЖУРНАЛ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРАЛІГІ
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТІНІҢ
ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША
ШЫҒАРЫЛАДЫ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА ҚҰРАМЫ:

Асан Эльмира Арысланқызы
Редакциялық алқа төрағасы
Мұқан Гүлфариза Мелдешқызы
Редакциялық алқа хатшысы
Атанбек Наурыз
Ақын, жазушы
Ашықбаев Ертай Ахатұлы
Ақын, жазушы, журналист

Бас редактор
Айнагүл Танатова
Редактор орынбасары
Айша Бибі Нұрлыбай
Корректор
Айнұр Ажикеева
Психолог
Айсұлу Қаламбаева
Меншікті тілші
Әсел Амандықова
Суретші-дизайнер
Дінмұхамед Тұрғанбай
Назгүл Нұралыхан

Журнал Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
24.04.2009 жылы №10074-Ж
тіркеу туралы куәлігі берілген.

Шығарушы:

«Айша-Бибі – Сланды ана» ЖШС
Редакция мекенжайы:
160000, Шымкент қаласы,
Ғ.Орманов көшесі, 15/2-үй.
Тел.: 8 778 658 09 21
e-mail: Saha_0001@mail.ru

Журнал
«South-print corporation» ЖШС
баспаханасында басылды.
Шымкент қаласы,
Қапал батыр көшесі, 19 участок.

Басуға қол қойылған күн 15.07.2025ж.
Қалпы 60x84 1/8. Қағазы офсеттік.
Шартты баспа табағы - 4.
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №



Мазмұны

3

Жыр сандық

7

Кел, ойнайық!

12

Суретті сөзжұмбақ

16

Ертегі айтуғы үйренеміз!

20/
21

Қауіпсіздік ережесі

23

Ұшқыр ой

26

Сурет салып үйрен!

28/
29

Сен білесің бе?

32

Аңыз әңгіме

34

Аспаз болғым келегі



Ернұр Сейдахмет –

ақын, аудармашы, балаларға арналған республикалық «Астана–Бәйтерек», «Балауса» және халықаралық «Дарабоз» конкурстарының жеңімпазы.

ЖЫР САНДЫҚ

Қарлығаштар

Жауатынын жаңбырдың,
Төмен ұшсаң білемін.
Суарса бұлт ой-қырды,
Жайқалады гүл, егін.

Шын көңілмен достыққа
Құшағын кең ашады ер.
Таяу ұшпа мысыққа,
Маған жақын ұша бер.

Жем берейін, ұнаса ал,
Дейсің бе сен «қарным аш?»
Біздің үйге ұя сал,
Ұшып кел де, қарлығаш.

Торғай

Болар деп ол қыс қатты,
Жылы жаққа ұшапты.
Бәлкім жылы ұясын
Жерұйыққа ұқсатты.

Ұшып-қонып жүреді,
Туған жерін сүйеді.
Өзі титтей болғанмен,
Үлкен екен жүреді.

Қаздың балапаны

Балапаны қаздың,
Қанатыңды жаздың.
Шалшық суды кештің,
Ұрысқан жоқ ешкім.
Шалшық кешсем маған
Ұрсар еді анам.

Тілашар

Бұл суреттердің атаулары
қандай буындардан басталады?
Сызық арқылы байланыстыр.



Сөйлемдегі орны ауысып кеткен сөздерді
ретімен орналастыр. Санмен белгіле.

●	●	●	●
балалар	ойнады	алаңқайда	доппен
●	●	●	●
өсіп	бақшада	тұр	қырыққабат
●	●	●	●
тұр	жаңбыр	жауып	толассыз

Мен – зерек баламын

Есептің жауабы шығатындай сандарды жаз.

10

$$0 + \square = 10$$

$$\square + 9 = 10$$

$$2 + \square = 10$$

$$\square + 7 = 10$$

$$4 + \square = 10$$

$$5 + \square = 10$$

Есепті шығар

7



болды.

3



сынды.

Неше



қалды?

			=	
--	--	--	---	--

4



болды.

Тағы 4



әкелді.

Барлығы неше болды?



			=	
--	--	--	---	--



Баяғы заманда үлкен ну орманда жануарлар өмір сүріпті. Орманның ішінде түрлі аңдар, құстар, жәндіктер, тіпті су жәндіктері де болған. Бірақ олар бір күні өздеріне патша сайлауды шешеді. Барлық жануарлар жиналып, кімнің ең лайықты патша екенін ойластыра бастайды.

Алдымен арыстан шығып:

– Мен – күштімін, ормандағы ең мықты аңмын. Мен патша болуым керек! – деді.

Келесі болып піл келіп:

– Мен – үлкенмін, барлығын қорғап, қауіптен сақтай аламын. Мен патша болуым керек! – деді.

Түлкі өзінің тапқырлығын көрсетіп:

– Мен – өте ақылдымын, қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдай аламын. Мен патша болуым керек! – деп өз сөзін айтты.

Барлық жануарлар ойланып, бір-біріне қарады. Әрқайсысы патша болғысы келеді, бірақ кімнің ең лайықты патша екенін шеше алмайды. Сонда кішкентай қоян алға шығып, былай деді:

– Менде үлкен күш те жоқ, мен піл сияқты алып та емеспін, түлкі сияқты тапқырлығым да аз. Бірақ менің бір ұсынысым бар: патша өзімен бірге барлық жануарларды сүйе білуі керек. Күштілігіне қарамастан кішігірім жануарларды да қорғай алатын, ақылды әрі мейірімді патша болғаны жөн.

Бұл сөздерді естіген жануарлар ойланып, бір-біріне қарады. Барлығы қоянның даналығын мойындап, оның айтқанына келісті.

Сөйтіп орманның барлық тұрғындары бірігіп, «Жануарлар патшасын» сайлаудың орнына барлығы бірге өмір сүріп, бір-біріне қамқор болуды шешті. Сол күннен бастап ормандағы барлық жануарлар бір-біріне көмек беріп, тату-тәтті өмір сүре бастады.

Жануарлар патшасы кім?



БҰЛ КІМ?

Кем,
ойнайық!

Бұл ойын арқылы балалар мамандық түрлерімен танысатын болады. Ойынға қатысушылар санына шектеу жоқ.

Ойын шартына сәйкес, қатысушылар бір-біріне кезекпен мына төмендегідей төрт нұсқа бойынша сұрақтар қояды, жұмбақтар жасырады. Сұрақтар, жұмбақтар қайталанбауы керек.

1-нұсқа:

Науқасты кім емдейді?
Оқушыларға білімді кім береді? Мейрамханада асты кім әзірлейді?
Биік ғимараттарды кім салады? Киімді кім тігеді? т.б.

2-нұсқа:

Дәрігер не істейді?
Жүргізуші не істейді?
Кондитер не істейді?
Тігінші не істейді?
Мұғалім не істейді? т.б.

3-нұсқа:

Ол адам ауруханада жұмыс істейді, оның температура өлшейтін құралы бар. Ол кім? т.б.

4-нұсқа:

Дәрігерге не керек?
Шаштаразға не керек?
Не болмаса сұрақты керісінше қоюға да болады. Мысалы, қайшы кімге керек? Ине кімге керек? т.б.

ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Қазақ халқы сәбидің дүниеге келген сәтінен бастап, әрбір маңызды қадамын ерекше дәстүрлермен атап өткен. Солардың ішінде шілдеhana, бесік той ең қуанышты сәттердің бірі! Бала жайлы әдемі ән орындалып, тілек айтылып, тәттілер таратылатын бұл салттар – мейірім мен қуанышқа толы. Қане, сол дәстүрлермен жақынырақ танысайық!

Бесік той

Бесік той – кішкентай нәрестені алғаш рет бесікке бөлейтін қуанышты күн.

Бұл күні отбасы мен туыстар жиналып, сәбиге ақ тілектер айтады. Әжелер мен аналар бесікке арнайы жөргек, қасық, үкі сияқты заттар салып, нәрестені ұйықтатуға ыңғайлап бөлейді. Бұл – сәбидің жайлы әрі тыныш өсуі үшін жасалатын дәстүр. Бесік тойда тәтті тағамдар беріліп, «бесік жыры» шырқалады. Бұл – қазақ халқының балаға деген қамқорлығын білдіретін ерекше салт!



Шілдехана

Шілдехана – нәресте туғанына 40 күн толғанда жасалатын дәстүрлі қуаныш. Бұл – сәбидің дүниеге аман-есен келгеніне, анасының денсаулығына шүкіршілік білдіріп, қуанышпен атап өту.

Бұл күні:

- Туған-туыстар жиналып, ән айтып, бата береді.
- Сәбиге ақ тілек айтылып, шашу шашылады.
- Кейде бесікке салу рәсімі де бірге өткізіледі.

Шілдехана – баланың өмірге бейімделу кезеңінің аяқталғанын білдіретін той. Бұл – ата-ана үшін де, бала үшін де маңызды мереке.



Олар да
бала болған...



ӨТЕБАЙ ТҰРМАНЖАНОВТЫҢ туғанына 120 жыл

Белгілі фольклоршы, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі және классигі – Өтебай Тұрманжанов. Ол 1905 жылы 15 желтоқсанда қазіргі Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бөген ауданындағы Жалғызғаш ауылында қарапайым ұстаның отбасында дүниеге келген.

Өтебай бала кезінде әкесінен дарыған ұсталық өнердің арқасында біраз қиындықтан шығады. Жалданып жұмыс істеп, ауылдастарының қозы-лағын бағып, күн көреді.

1919 жылдан бастап Ташкенттегі балалар үйінде тәрбиеленді, сол жерде әріп танып, қолына кітап алды. Адамдық әдепті, өзін ортада қалай ұстау керектігін үйренді. Бұл мектеп-интернат оның келешектегі өмірі үшін шешуші рөл атқарды. Дәл осы интернатта бала кезінде шығарған өлеңін қайта өндеп жазады.

Өтебай Тұрманжановтың шығармалары балаларды достық пен ынтымаққа, ерлік пен еңбекке баулиды. Оқиганы әр алуан тәсілдермен суреттеп, кішкентай кейіпкерлер арқылы танытады. Бұл балаларға бірден тартымды да, ұнамды көрінеді. Ал балаларға үлгі-өнеге ету үшін шығарманың ең соңында барлық оқиға желісінен, айтылған ойдан белгілі бір қорытынды жасап, естерінде қаларлықтай түйін түйеді.

Өтебай
Тұрманжановтың
тұңғыш «Таң
өлеңдері» жинағы
1925 жылы Мәскеуден
шыққан.
Одан кейін 1927 жылы
«Қошан кедей»,
1929 жылы «Таң сыры»
кітабы басылған.

Өтебай Тұрманжановтың өлеңдері

“
Балаларға
базарлық

Өс, ұлан!

Сау болсын десең,
Он екі мүшең –
Ерте тұр!
Құлақ тұр,
Тыңда сыр.
Жапырақтар жырлар,
Гүлдер сыбырлар.
Күн нұрын күт,
Таза ауа жұт,
Бойыңа – құт!
Жүгір,
Селмен жарысып.
Жүгір,
Желмен жарысып.
Нұрға сылан,
Болып қыран,
Өс, Ұлан!



Нан қиқымын шашпаңдар!

Нан – ардақты, адал ас,
Кәрі, жас одан аттамас.
Ақ дастарқан үстінде,
Қол жумай оны ұстамас.

Нандай жоқ қой асыл дәм,
Жеп үйренген жасыңнан.
Дастарқаннан нан кетсе,
Береке кетер асыңнан.

Ей, балалар, балалар,
Болмаңдар, сірә, нанға тар.
Өмірдің алтын арқауы –
Нан қиқымын шашпаңдар.
Теріп алып қастерлеп,
Торғайларға тастаңдар!



СҮРЕТТІ СӨЗЖҰМБАК.

Сөзжұмбақтың
шешімін тап.



Жаңылтпаштан жаңылма!

Балақай, жаңылтпаш жаттау
тілді жаттықтырады.
Мәнерлеп әрі мүдірмей сөйлеуге
дағдыландырады.



Кепсермен кеспе сүздім,
Кеспені кепсермен сүздім.

Қол ара қай арада?
Қол ара қой қорада.

Шалабай саба пісті,
Шамалап шала пісті.

Күрек тіреп бірі тұр,
Күрек күреп бірі жүр.

Жайлауға көш көшті,
Көш кеш көшті.

Шот шап, бұта ота,
Шап шот, ота бұта.

Дүкенге тұз түсті,
Түсірген біз тұзды.

Тақтай қақпақ қайда?
Қазан жаппақ қақпақ қайда?



Керқұлан (Кертағы) –
әлемдегі жабайы
жылқылардың ақырғы түрі.

Жылқы атасы – Керқұлан

Керқұлан жануарының
байырғы мекені – қазақ жері. Ұлы
даланың шөлді, шөлейтті аймағында,
Ертіс пен Іле бойында осы жылқы текті
түз жануары үйір-үйірімен жүрген екен.
Бірақ 1960 жылдардың аяғында
табиғаттан мүлде жойылып кеткен.
Десе де, жабайы жылқының осы түрін
сақтап қалу мақсатында Еуропадағы
хайуанаттар бағына
жіберілген.

Денесінің ұзындығы 230 см,
шоқтығына дейін биіктігі 130 см,
салмағы 300 кг-ға дейін жетеді.



Қаншама жылдардан соң 7 бас
керқұлан бұрын-соңды мекендеген
өңірі саналатын Қазақстанға 2024
жылғы маусымда келді және Қостанай
облысындағы «Алтын дала» мемлекет-
тік табиғи резерватының даласына
жіберілді.

Керқұлан сирек кездесетін
жануар және жойылып кету
қаупі төніп тұрғандықтан,
халықаралық табиғат қорғау
одағының “Қызыл кітабына”
енгізілген.



Қазақ халқы
дегелекті «киелі құс»
деп есептейді. Оның
ұясын бұзуға,
жұмыртқасын алуға,
атуға мүлде рұқсат
етпейді.

Дегелек

тұмсы

Көп жерге
"лэйлек" деп те
атайды.

Екі қанатын жайған кезде ұзындығы 2м-дей болады.

Ақ дегелек

Бойының биіктігі – 1 м.

Ақ дегелек – еліміздің оңтүстік
өңірінде және Жамбыл облыстарында ғана
кездеседі. Ұшқан кезде мойнын алға қарай
созып ұшады. Қанаттарының ұшы қара.
Тұмсығы мен аяғы қызыл. Денесінің көбі ақ
түсті болғандықтан, ол «ақ дегелек» атанған.

Қара
дегелек

Қара дегелектің үсті жасыл қара, қанаттары-
ның ұштары ақ, бауыры бозғылт келеді.
Сирақтары, тұмсығы, көзінің айналасындағы
жалаңаш терісі қызғылт келеді.
Мойнын созып, сирақтарын жинамай ұшады.
Дегелектер адамнан қорықпайды, биік жерге
үлкен ұя салады және көп жылдар бойы бір ұяда
қоныстайды. Сондақ-ақ егер қара дегелек суатта
ұя салса, онда ол химикаттар мен ластанудан таза
су болғаны, өйткені бұлар лай суды ішпейді.

Салмағы 3,5-4 кг.

Ертегі
айтуды үйренеміз!

Суреттердің орнын сөзбен алмастырып,
ертегіні оқып бер.

Торғай неліктен сұр түсті?

Ертеде  ,  және  сұр түсті болған екен.

Бір күні  суретші келеді. Ол  мен  алып, сурет сала бастайды.

Оны көрген  бірінші жүгіріп келіп,  мен

 бояп беруді сұрайды және  сияқты қызғылт түске

айналады.  қуанып, суретші туралы барлық аңдарға

айтады. Одан соң  келіп, өзін  тәрізді қоңыр

түске бояп беруін сұрайды.  ұшып келіп, суретшінің

 алады.  естіп, ұшып келіп  сұрайды. Бір

кезде  ұшып келгенде, суретшінің барлық 

таусылып қалады. Осылайша торғай сұр болып қала береді.



Ізеттілік



Автобуста Нұрасыл анасымен келе жатты. Бір кезде қарт әже кірді.

Нұрасыл орнынан атып тұрып:
– Әже, отырыңыз, – деп, өз орнын берді.

Әже оған риза болып батасын беріп, алғысын айтты.

Өзгеге жасаған ізетің – өзіңе жасаған құрметің.

Досыңа көмектес

Серік пен Дана аулада ойнап жүрді. Дана ойыншықтарын шашып алды. Серік жүгіріп келіп:

– Көмектесейін бе? – деп, ойыншықтарды жинауға көмектесті.

Дана күлімдеп:

– Рақмет, Серік! Сен – нағыз доссың! – деді.

Әдеп – жылы сөз бен жақсы істің бірлігі.



"ҒАРЫШҚА САЯХАТ" ҮСТЕЛ ОҰЫНЫ

ОЙЫННЫҢ ШАРТЫ:

жұмбақтардың шешімін табу.

Қажетті заттар: текше және ойыншыларға арналған фишкалар.

Ойыншылар текшені кезек-кезек лақтырып, әркім өз фишкасын стартқа тізіп, жүрісті бастайды.

Тапсырмалардың барлығын дұрыс орындап, мәреге алғаш болып жеткен ойыншы жеңімпаз атанады.

Сұрақтарға
дұрыс жауап
берсе, алға
қарай жылжиды.

Дұрыс жауап
бермесе, нұсқағыш
бойынша артқа
шегіну керек.



Бар ма, жоқ па, анық білмейсің,
Ол жоқ жерде өмір сүрмейсің.

Күн мен түннің кеңдігін,
Жер шарының ендігін,
Қақ бөліп тұр тепе-тең
Жұмыр жердің белдігі.

4

Он төрт-он бес жасында
Адамның басындай.
Бір және отыз жасында
Адамның қасындай.

12

Көкжиегі тұйық дән,
Шатыр тіккен биік, кең.



18

Бап-бап, басы бар,
Алтын ердің қасы бар.
Бұны тапқан адамның
Жүз жиырмада жасы бар.

26

Аспанда ұшып жүрген жеті торғай,
Барады бір-біріне қосыла алмай.



32

Алауға оранып,
Көкке өрлеп шығады.
Бір айналып оралып,
Көкжиекке бұғады.

58

Күндіз бәрі қашады,
Түнде аспанды басады.

38

Алып кілем,
Гүлге толы
Үсті кілең.

МАРЕ

19

Атқа мінудің пайдасы мен

Балақай, сен білесің бе? Ат – қазақтың қадірлі жануары. Бабаларымыз атпен ұзақ жол жүріп, көшіп-қонып, жарысқа түсіп, ел қорғаған.

Олар «Жылқы – малдың патшасы», «Ат – ердің қанаты» деп бекер айтпаған.

Ат тек көлік емес, ол – адамға нағыз дос. Атқа міну де спорттың бір түріне жатады. Ал енді сендермен бірге атқа мінудің қандай пайдасы бар екенін білейік!

1. Денең шымыр болады!

Ат үстінде тепе-теңдікті сақтау үшін бұлшық еттерің жұмыс істейді.

2. Жүйкең тынышталады!


Атпен жүргенде көңіл-күйің көтеріліп, өзіңді жақсы сезінесің.

3. Ер жүрек боласың!

Атқа мінген бала батыл, сенімді, тез шешім қабылдай білетін болады.

4. Табиғатпен байланыс орнатасың!

Атпен серуендеп, таза ауаны, кең даланы сезінесің, бұл денсаулығыңа өте пайдалы!



қауіпсіздік ережелері

Ат – ақылды, сезімтал жануар. Бірақ кейде ол да шошып кетуі немесе түсінбеуі мүмкін. Сондықтан қауіпсіздікті әрдайым есте ұста! Атқа мінудегі қауіпсіздік ережелері:

1. Міндетті түрде бас киім ки!

Арнайы шлем – басыңды жарақаттан сақтайтын қорғаныш құрал.

2. Атқа артынан жақындама!

Артқы жағынан келсең, ат сені көрмей, шошып кетуі мүмкін. Әрқашан аттың бүйір тұсынан, яғни жанынан жақындаған дұрыс.

3. Атқа үлкендердің көмегімен мін!

Алғашында тәжірибелі ересектердің көмегімен атқа міну қауіпсіз әрі дұрыс болады.

4. Аттың үстіне отырғанда барынша сабырлы бол!

Тым қатты қорқып, айқайлама, қолыңды сермеме, бұл аттың үркеніне себеп болады.

5. Үзеңгі мен тізгінді дұрыс ұста!

Аяғың үзеңгіде нық тұрсын. Тізгінді тепе-тең ұстау қажет.

6. Атпен қатты шаппа, секірме!

Алғашқыда жай жүрісті таңдау – қауіпсіз. Жылдам шабу тек көп жаттыққан шабандоздарға ғана арналған.



Атқа міну – өте қызықты әрі пайдалы! Бірақ алдымен қауіпсіздік ережесін есте сақтау маңызды. Тәртіп сақтасаң, атпен серуендеу нағыз көңілді саяхатқа айналады!

Алдауға болмайды

Балабақшадан оралған Батыр үйге қабағын түйіп ренжіп келді де, сырт киімін шешіп, қонақ бөлмесінің бұрышына қалшиып тұрды да қалды. Әншейінде атасының құшағына құлайтын немересінің мына қылығына атасы таң қалды. Немересінің мұндай қылығын бұрын-соңды көрмеген ол:

— Біреу ренжітті ме? — деп сұрады.
Батыр сәл уақыт үнсіз қалды да:

— Ата, маған ұрыспаңызшы. Мен бүгін Мақсатпен төбелесіп қалдым. Жадыра апай маған «Үйге барған соң бір сағат бұрышта тұрасың» деді. Атасы немересінің тірлігіне мейірлене күліп, жерден көтеріп алып маңдайынан сүйіп, жанына отырғызды да:

— Мен Жадыра апайыңа сен бұрышқа тұрды деп айтамын, — деді.

— Жоқ, апайды алдауға болмайды, — деді Батыр атасының құшағынан шығып.

Содан Батыр апайының тапсырмасын мүлтіксіз орындап шықты.

Ребусты шешу
арқылы
біздің елде ғана
мекендейтін балық
атауын таба
аласың.

Ұшқыр
ой



--	--	--	--	--	--



Ендеше ол
қандай балық
екен?



Суреттегі жәндіктерді санал,
мына ұяшықтарға жаз!

Біздің мақтанышымыз

Өнерге ғашық балақай!

Айбикенің шабытқа

толы балалық шағы

Шымкент қаласында 2018 жылдың

16 қазанында дүниеге келген

Жазықбай Айбике Есімжанқызы –

кішкентай болса да, өнерге жақын,

зерек балалардың бірі. Отбасының

тұңғышы, әжесінің еркесі Айбике

балалық шағын өнер мен білімге

арнап келеді.



Айбике небәрі 2 жасынан бастап қалам ұстап, түрлі бейнелер салып, сурет салуды үйрене бастады. Ал 3-4 жасында бояу түрлерін араластырып, өзіне қажетті жаңа түстерді табатын шеберлікке жеткен. Мұндай таланттың бекер келмегені анық. Оның әкесі – кәсіби суретші, ал анасы – дизайнер. Өнер Айбикенің бойына қанмен дарып, отбасынан нәр алған. Әкесі мен анасының талғамды қолтаңбасы Айбикенің шығармашылығына үлгі болып, қанат қақтырып келеді.



Бүгінде Айбике Шымкент қалалық №2 Оқушылар сарайында би, көркемсөз және шахмат үйірмелеріне қатысып жүр. Әсіресе, биден жеткен жетістіктері аз емес. Ол өнер сахнасында өзін еркін ұстауды меңгерген.

«Смарт мектеп» білім ордасында 1-сыныпты үздік бағамен аяқтады.

Оқу озаты.

Айбике болашақта еліміздің атын шығаратын атақты суретші болуды армандайды.

Балақайдың өнерге деген сүйіспеншілігі мен білімге деген талпынысы оны өзі қалаған үлкен жетістіктерге жетелейтініне сенеміз. Біз Айбикені мақтан етеміз!

Айбикенің марапаттары:

- 2024 жылы «Жаңа жыл жұлдыздары» халықаралық өнер байқауының Гранпри жүлдегері;

- 2024 жылдың 18 мамырында Түркияның Ыстамбұл қаласында өтетін «İpek yolu» халықаралық балалар фестиваліне арнайы жолдама ұтып алды;

- «Дарынды жұлдыздар» II халықаралық өнер байқауында үздік нәтиже көрсеткені үшін мақтау қағазына ие болды;

- «Қазақстан-Түркия білім және зерттеу қауымдастығы» атынан шығармашылық қабілеті үшін сертификатпен марапатталды.

ЖАС СУРЕТШІЛЕРДІҢ ТАЛЕРЕЯСЫ



Имран Тұрлыбек,
Көкшетау қаласы,
«Арай» балабақшасының
тәрбиеленушісі.



Айбике Жазықбай,
7 жаста,
Шымкент қаласы.




Фариза Рамазан,
Шымкент қаласы,
№11 «Аружан» бөбекжай-
бақшасының тәрбиеленушісі.



Жібек Жұмағали,
Ақтөбе облысы,
№12 бөбекжай-бақшасының
тәрбиеленушісі.




Сүрөт
салып үйрөнү!




1


2




3




4



5



Бул не?



Боямақ



Суретті боя!



Көктем келе даланы
сары түске бояп,
қаптап өсетін бақбақ
гүлінің ақ түсі де
бар екен.



Өсімдіктер әлеміндегі
ең үлкен орхидея –
Жолбарыс орхидеясы.



Бамбук -
жер бетіндегі ең
жылдам өсетін
өсімдік.
Оның өсу
жылдамдығы
тәулігіне шамамен
бір метрге
жетеді.



Жер бетінде
10 мыңға жуық
улы өсімдіктер
бар.



Саңырауқұлақтың әлем
бойынша 100 мыңға жуық
түрі бар. Жеуге
жарамдысы, улы,
жарамсызы да бар.
Соның ішінде дәмі
тауық етіне ұқсас түрі де
кездеседі.



Су түбіндегі
балдырлар
ең ежелгі
өсімдіктер
болып
саналады.



Германиядағы бір емен
ағашының жеке
пошталық мекенжайы
бар.

Бұл ағашқа бір жарым
ғасырдан бері әлемнің
түкпір-түкпірінен
адамдар бір-бірімен
танысу үшін
хаттар жолдайды.



Басын үнемі
күнге қарай
бұрып тұратын
жалғыз өсімдік,
бұл – күнбағыс.

Қызғалдақ гүлінің отаны
Орта Азия, Қазақстан
болып саналады.
Осы жауқазынның
көптеген табиғи сорты
қазақ даласында ғана өседі.
Ал Еуропаға «Ұлы Жібек
жолы» арқылы Осман
империясы тұсында
жеткізілген.



Секвойя ағашы
жер шарындағы
ең биік ағаш болып
саналады.



Бір ағаштан
шамамен 170 мың
қарындаш
жасауға
болады.



Стевия өсімдігін
гүлдеген уақытта
тағамдарға тәттінің
орнына
пайдаланады,
өйткені бұл өсімдік
кәмпиттермен
бірдей тәтті дәмге
ие.



Зеңбірек ағашы ең
шулы ағаш болып
саналады және ол
тек Гвинеяда өседі.
Неге олай аталды?
Бір ағашта 150-ге
жуық жеміс өседі.
Ал олар пісіп-жетіліп,
ауыр салмақпен жерге
қарай құлағанда
қатты дауыспен
түседі, бұл айналаға
зеңбірекпен оқ
атқылағандай әсер
береді екен.



Бағасы бойынша
әлемдегі
ең қымбат гүл –
Алтын орхидея.



Бразилияда шырынын
дизель отыны ретінде
пайдаланатын ағаш
өседі. Бір ағаштан
40-50 литрге дейін
дизельдік отын алуға
болады.



Ряска –
әлемдегі ең кішкентай
өсімдік.



Әнші балалар



Әнін жазған:
Ескендір Хасанғалиев

Өлеңін жазған:
Әбдірахман Асылбеков

ЕРДЕН АТАЙДЫҢ ЕРТЕГІСІ

Кел, балалар, тұрмандар,
Бізде қызық думан бар.
Атамыздың алуан
Ертегісін тыңдаңдар.

Қайырмасы:

Ерте, ерте, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен...
Ертегі сөз қашан да
Тамашаның көркі екен.



Түрлі-түрлі ертегі,
Тұла бойды ерітеді.
Ерте өткен ерлердің
Ерлік ісін шертеді.

Қайырмасы:

Қиялдаймыз, самғаймыз,
Кең әлемді шарлаймыз.
Ертегісін атайдың
Тыңдаудан біз талмаймыз.



Қайырмасы:





Орташа екпінмен, көңілді.



mf

Кел, ба-ла-лар, тұр-маң-дар, Біз - де қы-зық ду-ман бар, Ер - те-гі - сін а- тай - дың тың - дау - дан бір тал-маң - дар. Ер-те, ер-те, ер-т(е)е - кен, Еш-кі жү - ні бөр - т(е)е - кен. Ер-те-гі сөз қа-шан - да, Та - ма - ша-ның көр-к(е)е - кен.



**Жер-су атаулары
туралы аңыздар**

Зеренді көлі

Бұл көлдің «Зеренді» деп аталу себебі, ертеде қарағайлы, таулы мекенді жерде жүретін «Зерен» деген киік тектес бір қоңыр аң болған көрінеді. Сол аң осы қарағайлы адырда көп болған және осы көлден су ішіп, сол өлкені қоныстап жүрсе керек.

Бертін келе бұл өңірде ел қоныстанып, жазда жайлау, қыста қыстау еткен соң, жаңағы зерен басқа жерге қоныс аударып кеткен екен.


Ертеде ата-бабаларымыз жерге, көлге ат қойғанда, сол жерді, суды қоныстаған аңның, құстың, балықтың атына байланыстырып атаған. Сол сияқты бұл өлкеде зерен көп қоныстанғандықтан, бұл көл «Зеренді» аталыпты.

Кішкентай балапан
анасынан көз жазып қалған секілді.
Оған жол көрсет.

ойлан, тап!



Айырмашылықты



тап!

Неше
айырмашылық
бар?



Жеміс қосылған құймақ әзірлейміз


Анамызбен бірге ас әзірлеп үйренеміз!

Дайындалу жолы:



50 гр. сары май, 0,5 литр сүт, ас қасықпен құмшекер, жарты шай қасықпен сода, 3 жұмыртқа мен қажетіне қарай ұнды ыдысқа салып, біркелкі араластырамыз (1-сурет).

Дайын болған қоймалжыңды бір ожаудан табаға құйып, біртіндеп пісіреміз (2-сурет).





Құймақты пісіріп болған соң, бетіне шоколад ерітіндісін, құлпынай мен бананды турап саламыз (3-сурет).

Құлпынай қосылған смузи



Мына бөлшектерді
қайшымен қиып алып,
төменде көрсетілген нұсқадағыдай
жабыстыр.

Ой мен қол еңбекті
ұштастыра білейік!



Қандай көркем - туған өлкем!

**Бұл –
Үстірт қорығы.
Маңғыстау облысының
Қарақия ауданында
орналасқан.**

